



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Сердар Бердімұхамедовті және Түрікменстан халқын Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

«Қазақстандықтар Түрікменстанның зор жетістіктеріне шын ниетпен тілеулес және екі ел арасындағы ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан достық, тату көршілік қатынастар мен жан-жақты ынтымақтастықты нығайтуға ерекше мән береді», — деп жазылған жеделхатта.

Мемлекет басшысы өзара бірлескен күш-жігердің нәтижесінде қазақ-түрікмен стратегиялық серіктестігінің көкжиегі кеңейіп, көп-жақты қарым-қатынастың даму қарқыны арта түсетініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Сердар Бердімұхамедовтің жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал бауырлас Түрікменстан халқына бақ-береке тіледі.

АЛТЫНДЫ КӨЗДЕГЕН МЕРГЕНДЕР

Күн өткен сайын Азия ойындарының тартысты бәсекесі қыза түсуде. Кеше стөндтік атудан Қазақстан әйелдер құрамасы алтын медаль жеңіп алды. Команда құрамында Зоя Кравченко, Әсем Орынбай және Ольга Панарина бар. Осылайша, медальдар кестесінде Қазақстан құрамасы 16-орыннан 11-орынға көтерілді. Еншімізде 1 алтын, 2 күміс, 7 қола медаль бар. Медальдар кестесінде Қытай, Оңтүстік Корея және Жапония құрамалары алғашқы үштікте келеді.

8»



БАҒАЛАСАҢ — КИІМІҢДІ БАҒАЛА!

Қазір еліміздің жасы мен кәрісі Қытайдың Ханчжоу қаласында өтіп жатқан Азия ойындарындағы спортшыларымыздың тілеуін тілеп, тақымын қысып отыр. Әлбетте, байрақты бәсекеде ел намысы үшін сынға түсіп жатқан спортшыларымыздың барлық жағдайы жасалғаны дұрыс. Күні кеше сондағы маунтинбайктен Қазақстан құрамасының спортшысы Алина Сарқұлова спорт киімдерінің сын көтермейтінін, аяқкиім мен жейденің жыртыла беретінін айтып, видео жариялаған болатын. Осыған қатысты біз де ақпарат іздеп көрдік.

5»



ӨНІМ БӨЛІСУ: ҚАЗЫНА ИЕСІНІҢ ҚАҚЫСЫ ҚАЙДА?

Ата Заңымызға сәйкес, жер қойнауындағы барлық қазына, табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Былтырғы референдум нәтижесінде Конституцияға осындай норма енгізілді. Өмірде бұл талап орындалып отыр деу қиын. Осы орайда Парламент депутаттары Өнім бөлісу келісімшарттарына қатысты мәселе көтеріп жатыр. Себебі еліміздегі ең ірі мұнай-газ кен орындары шетелдіктердің қанжығасында кетті. Ал жобалардағы тауарлардың жергілікті үлесі 5 пайыз ғана. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында «Экономикамыз басқа елдерге әрдайым ашық болуға тиіс. Бірақ ұлттық бірлестіктің мүддесін қорғау керек» деген еді. Бірақ барлық мұнай инвесторлардың әлдебір, түсініксіз шығындарын өтеуге кетеді. Елге тиын-тебені тиеді.



Дүниежүзінде «жаһандық супергигант» (Supergiant oil fields) саналатын мұнай кен орындарының саны қырық шақты ғана екен. Соның үшеуі біздің елде орналасқан, бұлар — Теніз, Кашаған және Қарашығанақ. Бірақ олар ел экономикасының өркендеуіне «супергиганттық» ықпал етіп, орасан зор серпін беріп отыр деуге келмейді.

2023 жылғы 12 қыркүйекте, «Акорда» резиденциясында отандық бизнес өкілдерімен кездескен Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та осыған ренжіген. Оның пікірінше, мәселен, мұнай сервисі саласы отандық экономиканы әрта-

раптандырудың және өсімді қамтамасыз етудің негізгі тетігі болуы керек. Олай болған жок. Сала керісінше, ереуілдерден көз аша алмай, елдегі тұрақсыздықтың қуатты бір драйвері болды. Here?

Өйткені Президенттің айтуынша, бүгінде Теніз, Кашаған және Қарашығанақ кен орындарындағы жобаларды жобалаумен басқа мемлекеттер айналысып жатыр. Бұл Теніз кен орнын келешек кеңейту (ТККК) жобасына да қатысты.

(Жалғасы 5-бетте)

САПАЛЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛУЫ КЕРЕК

«AMANAT» партиясы жанындағы Білім беру және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысы өтіп, онда Мемлекет басшысының халыққа Жолдауын және партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру барысы талқыланды.



Жиынға «AMANAT» партиясының Хатшысы Шолпан Каринова, Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов, Денсаулық сақтау вице-министрі Жандос Бүркітбаев және партия филиалдары жанындағы өңірлік кеңес төрағалары қатысты.

Сөз басында Парламент Мәжілісіндегі «AMANAT» фракциясының депутаты, Кеңес төрағасы Жұлдыз Сүлейменова Президент Жолдауында және «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында қамтылған бастамаларды жүзеге асырудың мәні мен маңызына тоқталды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында сапалы білім әр баланың мызғымас құқығы, осыған сәйкес білім сапасы еңбек нарығының сапасына байланысты тұтастық қажет екенін айтқан болатын. Осы салаға жауапты орталық мемлекеттік ведомстволар Мемлекет басшысы Жолдауда міндеттеген тапсырмалар мен партиямыздың сайлауалды бағдарламасында қамтылған бастамаларды жүйелі жүзеге асыруы өзекті. Ең бастысы, Президент айтып өткендей, еліміздегі білім беру жүйесі еңбек нарығының сұранысына қарай өзгеріп отыруы тиіс. Қазақстанда сапалы әрі мазмұнды білім жүйесі жолға қойылуы керек», — деді Парламент Мәжілісіндегі «AMANAT» фракциясының депутаты, кеңес төрағасы Жұлдыз Сүлейменова.

3»

ҮНДІСТАНДА ҮЗІЛДІ ЖҮРЕК ЖІБІ...

Жақында Астанада көрнекті жазушы, драматург, журналист Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына арналған жиын өтті. Шаралар легі Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына орай өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесінен басталды.




ТАУАРДЫ ӨЗІМІЗДЕ ӨНДІРСЕК, ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА КҮШЕЙМЕК



Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында жаңа өнеркәсіп саясаты арқылы жаңаша даму үлгісіне көшуді межелеген болатын.





«ИННОПРОМ» ӨНЕРКӘСІПТІК КӨРМЕСІНЕ БАРДЫ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев «ИННОПРОМ» халықаралық өнеркәсіптік көрмесіне барды.

Астана қаласындағы Халықаралық көрме орталығында өтіп жатқан іс-шара Қазақстанда алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Алайда еліміз аталған көрмеге 2019 жылдан бері тұрақты түрде қатысып келеді. «ИННОПРОМ» көрмесінің негізгі мақсаттары — өнеркәсіптік кооперацияны дамыту, инвестиция тарту, сауда ынтымақтастығын кеңейту және тәжірибе алмасу. Биылғы іс-шара жана кезеңдегі өнеркәсіптік стратегия тақырыбына арналған. Оған ЕАЭО елдерінен 300-ден астам кәсіпорын мен компания қатысып жатыр.

Мәулен Әшімбаев көрмеде металлургия, машина жасау, химия және жеңіл өнеркәсіп, құрылыс индустриясы, сондай-ақ фармацевтика салаларында өндірілген тауарлармен танысты.

Біздің еліміз өнеркәсіп саласында ЕАЭО-дағы серіктестерімен бірге 38 бірлескен жобаны іске асырды. Тыңғылықты өңдеу, барынша локализация, жаңа өнімдер өндіру және экспорттық әлеует кооперацияның басты басымдықтары екенін атап өткен жөн. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елдің өнеркәсіптік үлгісін қалыптастыру және Жолдауда айтылған жоғары қайта бөлу кластерлерін құру жөніндегі тапсырмалары аясында мұндай тәсілдің маңызы артып отыр.

СЕНАТ ЖАНЫНАН ИНКЛЮЗИЯ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ҚҰРЫЛАДЫ



Парламент Сенатында «Мүгедектігі бар адамдардың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары» тақырыбына арналған дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараға Сенат, мәслихат депутаттары, министрліктердің, облыс әкімдіктерінің, халықаралық ұйымдардың, сарапшылар қауымдастығының және қоғамдық ұйымдардың басшылығы мен өкілдері қатысты.

Палата Спикері Мәулен Әшімбаев өз сөзінде мүгедектігі бар азаматтарға жан-жақты қолдау көрсетудің маңызды екенін айтты. Сондай-ақ ол Әділетті Қазақстан дегеніміз — бірінші кезекте, инклюзивті қоғам екеніне назар аударды. Осыған орай Сенатта Инклюзия жөніндегі кеңес құрылмақ. Кеңес мүшелері аталған бағытта тиісті ұсыныстар әзірлеп, оларды іске асыру жолдарын талқылайды. «Сенат жанынан Инклюзия жөніндегі кеңес құру Қазақстанда толыққанды инклюзивті аяқалыптастыруға ықпал етуді көздейді. Кеңес аясында сапалы және тиімді заңнамалық ұсыныстар әзірленеді деп сенеміз. Жалпы, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін кедергісіз орта қалыптастыру және оларды әлеуметтік қорғау мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі. Осы орайда Мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде Әлеуметтік кодекс қабылданды. «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға» факультативтік хаттама ратификацияланды. Сондай-ақ Мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспар іске асырылып жатыр. Мүгедектікке қатысты проблема-

ларды шешу кезінде медициналық және қайырымдылық тәсілдер парадигмасынан бас тарту қажет. Мүмкіндігі шектеулі жандардың құқықтарын қорғаудың, оларды қоғамға бейімдеудің, жұмысқа орналастырудың және өз әлеуетін іске асырудың тиімді жүйесін құру керек. Осындай нақты істер мүгедектігі бар азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту түсетін сөзсіз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сенат Төрағасы балалар арасындағы мүгедектік мәселесіне жеке тоқталып, елімізде медициналық қызметтердің сапасын арттыруға және экологиялық жағдайды жақсартуға қатысты негізгі міндеттерді атап өтті. Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев мүмкіндігі шектеулі азаматтардың ортаға толық бейімделуіне, еңбекке жарамдыларды жұмыспен қамтуға, ерекше қажеттілігі бар балалардың әлеуетін толық ашуға жағдай жасау маңызды бағыттардың қатарында екенін тілге тиек етті.

Кездесу барысында айтылған ұсыныстар мен бастамалар «Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы» заң жобасын әзірлеуге тың серпін беруге тиіс. Жиында мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіретін және мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын іске асыруға бағытталған саясатты жүргізетін жеке орган құру мәселесі де сөз болды. Алдағы уақытта сарапшылар бұл бастаманы зерделейді. Дөңгелек үстелде барлық деңгейдегі әкімдердің рейтингіне мүгедектігі бар адамдардың құқықтарына байланысты шараларды іске асыру үшін жауапкершілікті енгізу және мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын іске асыру бойынша тәуелсіз мониторингтік тетік құру сияқты ұсыныстар да айтылды.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ МАҢЫЗДЫ

Кеше Мәжілістің жалпы отырысында бірқатар заң жобасы қаралды. Оның ішінде осыған дейін қоғамда жиі талқыға салынып жүрген ақпараттық қауіпсіздікке қатысты бірқатар сауалға жауап алынып, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды кәдеге жаратудың заңдық нормалары таныстырылды. Сондай-ақ депутаттар Қазақстан мен Кипр арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмекке қатысты құжатты мақұлдады.



«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын депутат Екатерина Смышляева таныстырды. Оның айтуынша, бұл құжат ақпаратты, оның ішінде дербес деректерді қорғаудың құқықтық базасын қалыптастыруға мүмкіндік бермек. Заң жобасы үш блоктан тұрады. Біріншісі жеке деректерді қорғаудың қосымша шараларына арналған. Дербес деректердің айналымы және сақталуына мемлекеттік бақылау енгізіледі. Сонымен бірге аталған норма операторлармен профилактикалық жұмысты да жолға қояды. Құжатқа сәйкес әрбір оператор реттеушіге дербес деректердің ағып кеткені туралы хабарлауы тиіс. Ақпарат ағып кету анықталған сәттен бастап үш күн ішінде берілуі керек. Екінші блогы «ақ хакерлер» институтын және бак-баунти платформасының қазақстандық аналогі жұмысын құқықтық реттеуді ұсынады. Мұндай жүйе зерттеушілерін ақпараттық жүйе қателіктері мен осалдықтарын анықтауға тартуға ықпал етуге мүмкіндік береді. Басқарылатын хакерлік бұзу тапсырыс иелерінен келеді, қатынастар арнайы платформалар арқылы ресми түрде жасалады. Барлық жұмыс заң шеңберінде жүргізіледі. Үшіншісі мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілеріне ғана қызмет көрсететін мемлекеттік ақпараттық қауіпсіздік орталығын құруға арналған. «Бүгінде 350-ге жуық мемлекеттік ақпараттандыру нысандары жұмыс істейді. Орталық Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мемлекеттік техникалық қызметі жанында жұмыс істейтін болады. Бұдан басқа, мемлекеттік техникалық қызмет базасында бағдарламалық қамтамасыз етудің бастапқы кодтары репозиторийі құрылатын болады. Онда электронды үкіметтің бағдарламалық өнімдерінің бастапқы кодтары сақталады. Бұл олардың нұсқаларын басқаруды қамтамасыз етеді. Осылайша, ұсынылып отырған шаралар кешені мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің қауіпсіздігін күшейтеді. Жалпы, электронды үкіметтің тұрақтылығын арттырады», — дейді мәжілісмен. Маңыздысы — электронды үкіметтің тұрақтылығын арттырады деп күтілуде.

Депутат Нұртай Сабильянов заң жобасы ақпараттық жүйелердің, азаматтардың дербес деректерінің және «электронды үкімет» жүйесінде пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз етудің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталғанын жеткізді. Айтуынша, заң жобасында 12 заңнамалық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді. Жұмыс тобына 71 түзету келіп түскен. Олар жұмыс тобының отырыстарында, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдар, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы, қоғамдық бірлестіктер мен сараптама ұйымдары өкілдерінің қатысуымен болған комитеттің кеңейтілген отырысында қаралған. «Қазір дербес деректерді қорғауда мемлекеттік бақылау болмағандықтан, көптеген азаматтың дербес деректері заңсыз таралып жатыр. Мысалы, медициналық ақпараттық базасынан, Бас прокуратураның ақпараттық жүйесінен осындай жайттар болған. Сондықтан заң жобасының басты мақсаты — дербес деректердің қауіпсіздігінің бұзылмауын қамтамасыз етуге, уәкілітті органға мемлекеттік бақылау функциясын беруге және осы туралы жаңа ұғым енгізуге бағытталған. Сондай-ақ жеке басты куәландыратын құжаттардың қағаз көшірмелерін жинауға және өңдеуге тыйым салу нормалары қарастырылған. Бұл да азаматтардың дербес деректерін басқа мақсаттарда қолдануына жол бермеуін қамтиды», — дейді Нұртай Сабильянов.

Сонымен қатар депутаттар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын мақұлдады. Құжатқа бастамашылық еткен депутат Айгүл Құспаннаның айтуынша, уәкілетті органға, яғни Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды кәдеге жарату объектілерінің өндірістік қызметін ұйымдастыру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту функциясын беру ұсынылады. Ең алдымен, бұл құжат жарамдылық мерзімі өткен оқ-дәрілерді кәдеге жаратумен айналысатын «Қазтехнология» қазақстандық мамандандырылған ұйымының қызметі үшін қажет. Екіншіден, күш құрылымдарының мемлекеттік сатып алу тәртібімен шамалы құнын жиынтықтауыштары мен қосалқы бөлшектерін сатып алу мүмкіндігі көзделеді. Бұл қару-жарак пен әскери техниканы жөндеуді оңайлату және жеделдету

мақсатында жасалып отыр. Одан бөлек, депутат орташа немесе күрделі жөндеу, қозғалтқыштар мен беріліс қораттар сияқты елеулі тораптар мен агрегаттарды керек ететін жөндеу мәселелерін Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің құзырына берілгені дұрыс екенін жеткізді.

Сондай-ақ жалпы отырыста Қазақстан мен Кипр арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмекке қатысты құжат ратификацияланды. Шартқа былтыр 20 қазанда Никосияда қол қойылған.

Құжатта екі елдің құзыретті органдарының қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл мәселелері регламенттелген. Келісім өз азаматтарын ұстап беру, берілген адамдарды алдын ала қамауға алу, заттар мен құжаттарды алу және беру мәселелерін егжей-тегжейлі қарастырады. Сондай-ақ қылмыстық қызметтен түскен заттарды, құжаттарды, қаржы активтерін және басқа да кірістерді анықтау, табу, шектеу қою және тәркілеу бойынша көмек көрсету шарттары толыққанды көрсетілген. Құқықтық көмек көрсету рәсімдерінде тікелей өзара іс-қимыл жасайтын екі мемлекеттің құзыретті органдары, сондай-ақ Шартты іске асыруға байланысты шығыстарды өтеу жолдары айқындалып отыр. Бұл туралы депутат Снежанна Имашева егжей-тегжейлі тоқталып, шартты іске асыру мүмкін болған жағдайда екі елдің қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтас-тығының тиімділігі артаатынын жеткізді.

Заң жобалары бойынша сұрақтарына толыққанды жауап алып, бірауыздан мақұлдаған соң әдет-тегідей депутаттық сауал жолданды. Оның ішінде «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері де бірқатар өзекті сауал жолдады. Айталық, депутат Нартай Сәрсенғалиев жастардың мұн-мұқтажына тоқталды. «Еліміздегі 232 Жастар ресурстық орталығында қызмет ететін 3 мыңнан астам белсенді жас әр екіміздің бұйрығымен тан атысы кеш батысы сабылып жүр. Әуел баста Жастар ресурстық орталығы жастардың әлеуметтік және тұлғалық дамуына жәрдемдесетін, жастар ұйымдарының қызметіне қолдау көрсететін орталық ретінде құрылған еді», — дейді ол. Алайда іс жүзіне келгенде жергілікті әкімдіктердің «барып кел, шауып кел» дейтін бұйрықтары бітпейтін көрінеді. Оның ішінде Жастар ресурстық орталығы қызметкерлерін жастарға қатысы жоқ сансыз мерекелік шараларды ұйымдастыруға, ауаларды аралап мониторинг жасауға, әкімдіктің күнделікті бітпейтін бұйрықтарын атқаруға міндеттеу басым. Осы орайда депутат сала басшыларынан әкім қаралардың тапсырмасымен шауып жүрген жандар жастардың мәселесімен қашан айналысатынын сұрады. Депутаттың айтуынша, Жастар ресурстық орталығының ғимараты жоқ. Сондықтан олар әкімдіктің ішіндегі әр кабинетті паналап, сәйкесінше жергілікті билікке кіріп-тарау болады. Жалақының төмендігі де бүгінгі қымбатшылыққа жұғым емес екенін айтқан ол қаржыландыру тетігін қайта қарастырып, нақты нормативті белгілеу қажеттігін тілге тиек етті. Бұл ғана емес, Жастар ресурстық орталығын Мәдениет және ақпарат министрлігіне бекітуді ұсынды.

Ал депутат Наталья Дементьева ата-аналар мен жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің өтінішін жеткізді. «Директорларды ротациялау мәселесіне кенінен қарау керек. Мысалы, 20-30 жыл қызмет атқарған директорлар бар. Әрине, осындай ұзақ уақыт директор лауазымында отырған директорларды ротациялаудың механизмдерін жетілдіру қажет. Ротацияның мақсаты — мектептерді тиімді кәсіби басқару, сондықтан ротация директордың «тиімділігі» деген сұраққа жауап берген абзал», — дейді ол.

Депутат Мархабат Жайымбетов елді мекендердегі газдандыру мәселесіне аса назар аудару қажеттігін алға тартса, әріптесі Еділ Жанбыршин сыртқа заңсыз шығарылған активтерді, қайтарылған қаржылар, мүліктерді қайтарудан және өткізуден түскен ақшаларды тек әлеуметтік нысандарға жұмсап қоймай, экономикалық жолдарға — стратегиялық нысандарды аяғынан тұрғызуға, оның ішінде энергетика объектілерін салуға және тозығы жеткен жабдықтар мен желілерді жаңалауға жұмсау қажет екенін айтып отыр. Бұл елдің энергетикалық қауіпсіздігін арттырып қана қоймай, бюджет қаржысын үнемдеуге таптырмас мүмкіндік.

САПАЛЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛУЫ КЕРЕК



«AMANAT» партиясы жанындағы Білім беру және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысы өтіп, онда Мемлекет басшысының халыққа Жолдауын және партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру барысы талқыланды.

Жиынға «AMANAT» партиясының Хатшысы Шолпан Каринова, Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов, Денсаулық сақтау вице-министрі Жандос Бүркітбаев және партия филиалдары жанындағы өңірлік кеңес төрағалары қатысты.

Сөз басында Парламент Мәжілісіндегі «AMANAT» фракциясының депутаты, кеңес төрағасы Жұлдыз Сүлейменова Президент Жолдауында және «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында қамтылған бастамаларды жүзеге асырудың мәні мен маңызына тоқталды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында сапалы білім әр баланың мызғымас құқығы, осыған сәйкес білім сапасы еңбек нарығының сапасына байланысты тұтастық қажет екенін айтқан болатын. Осы салаға жауапты орталық мемлекеттік ведомстволар Мемлекет басшысы Жолдауда міндеттеген тапсырмалар мен партиямыздың сайлауалды бағдарламасында қамтылған бастамаларды жүйелі жүзеге асыруы өзекті. Ең бастысы, Президент айтып өткендей, еліміздегі білім беру жүйесі еңбек нарығының сұранысына қарай өзгеріп отыруы тиіс. Қазақстанда сапалы әрі мазмұнды білім жүйесі жолға қойылуы керек», — деді кеңес төрағасы Жұлдыз Сүлейменова.

Денсаулық сақтау вице-министрі Жандос Бүркітбаев болашақ орта медицина қызметкерлері еліміздегі 94 медициналық колледжде білім алып жатқанын және 2022—2023 жылдары ондағы студенттер саны 103 747 адамды құрағанын атап өтті.

Сондай-ақ ол жұмыс берушілердің қатысуымен әзірленген кәсіби стандарттарды ескере отырып, ЖОО-ның білім беру бағдарламаларын өзектендіру бағытында да ауқымды жұмыс атқарылып жатқанын атап өтті. Вице-министрдің айтуынша, еліміздегі «Кәсіптік біліктілік туралы» заң аясында денсаулық сақтау са-

ласында 56 стандарт әзірленді. Оның 21-і мемлекеттік органдармен келісіліп, бекітуге жіберілді. Жыл соңына дейін қалған стандарттар да бекітіледі деп күтілуде.

Бұл ретте, Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов дуальді білім беру және жоғары оқу орындары студенттерінің шәкіртақысын өсіру мәселесіне тоқталды.

«Студенттерді дуальді оқытумен қамтуды ұлғайту үшін кәсіпорындармен өзара іс-қимылды кеңейту бағытында жүйелі жұмыс атқарылып жатыр. Бүгінде ЖОО-лар жұмыс берушілермен 5 мыңнан астам шарт жасады. Осы келісім-шарттар негізінде кәсіптік практикадан өту үшін өндірістік базаны қамтамасыз ететін мамандар дайындалуда. Дуальді оқытумен жалпы саны 6 мыңнан астам білім алушы қамтылды. Осы күні дәріс оқу, зертханалық және тәжірибелік сабақтарды жүргізу үшін кәсіпорындар мен өнеркәсіптен практик мамандар тартылуда. Сонымен қатар жоғары оқу орындардың кафедра филиалдары кәсіпорындардың базасында ашылып, студенттердің басым көпшілігі оқудың біраз бөлігін сонда жалғастырып жатыр», — деді вице-министр.

«AMANAT» партиясының 2023—2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аясында ЖОО студенттерінің, магистранттар мен докторанттардың шәкіртақысын өсіру бастамасы көтерілген еді.

«Биыл 1 қыркүйектен бастап бакалавриатта білім алатын студенттерінің шәкіртақысы 20 пайызға, ал магистратура және докторантурада оқитын азаматтардың шәкіртақысы 15 пайызға артты. Бұл үрдіс жыл сайын қайталанып, шәкіртақы дәл осы мөлшерде өсіп отырады. Жана мөлшерде белгіленген шәкіртақы еліміздегі 133 мың студентті қамтиды. Осылайша, докторанттар — 217 500 теңге, «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша резидент дәрігерлер мен магистранттар — 111 579 теңге, магистранттар — 97 024 теңге, интерндр — 75 890 теңге, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске

асыратын білім беру ұйымдарында даярлаудың педагогикалық бағыттары бойынша және «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша оқитын студенттер — 67 200 теңге көлемінде шәкіртақы алады», — деді Талғат Ешенқұлов.

Сондай-ақ биыл 1 қыркүйекте ведомство тарапынан ЖОО-ларға оқытушылар — 230 000 теңгеден, аға оқытушылар — 264 000 теңгеден, доценттер — 299 000 теңгеден төмен айлық алмауы керек деген ұсыныс жолданды.

Осы тұста, «AMANAT» партиясының Хатшысы Шолпан Каринова Мемлекет басшысы биыл халыққа Жолдауында елдегі білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселесіне баса мән бергенін атап өтті.

«Мектеп қабырғасындағы білім сапасы ең алдымен мұғалімнің білім сапасына байланысты болмақ. Мүдделі министрліктер мен педагогикалық бағытта маман даярлап жатқан жоғары оқу орындары Президенттің бұл тапсырмасына ерекше назар аударуы тиіс. Азаматтық ұстаным таныту керек. Жоғары оқу орындары мен білім ошақтары арасында байланыс орнамайынша, мектеп қабырғасында білім сапасы жақсармайды. Түптеп келгенде, сапа — оқу бағдарламасы мен тәжірибенің айнасы. Осы орайда, әр өңірдің 10 мықты директоры педагогикалық бағытта білім беретін жергілікті жоғары оқу орындарына барып, түлектердің білім сапасына зер салса деген ұсынысмыз бар. Аймақтың білім ошақтарына қажет білікті мамандар осылай іріктелер еді. Осы жұмысты жүйелі жолға қойып, тиісті деңгейде үйлестірген кезде мектептердегі білім сапасы артады деген ойдамыз», — деді Шолпан Каринова.

Өз кезегінде, Парламент Мәжілісіндегі «AMANAT» фракциясының депутаты Жұлдыз Сүлейменова кеңес жұмысына қатысушылар көтерген барлық мәселе жігі назарға алынатынын жеткізді. Мемлекет басшысының халыққа Жолдауын және партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру мәселесіне баса мән беріледі.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ИГІЛІГІН КӨРЕДІ

Келесі жылы Ақмола облысы Шортанды ауданына су құбырын тартуға республикалық бюджеттен 800 млн теңге бөлінеді. Бұл туралы Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Еділ Жаңбыршин мен Айна Мысырәлімова Шортанды кентінің тұрғындарымен кездесуде хабарлады.



Шортанды ауылының 8 мыңнан астам тұрғыны суды қатаң кестеге сай пайдалануға мәжбүр. Себебі тіршілік көзі тәулігіне небары 9 сағат қана беріледі. Жерасты суының қоры таусылуға жақын. Ал 1971 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқандықтан ұңғымалар бүгінде жарамсыз бола бастады.

Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес, Егемен ауылының маңынан су алатын станса (құдық) салу жоспарлануда. «Егемен» учаскесінен Шортанды кен-

тіндегі сорғы стансасына дейін 22 шақырым су құбырын тарту, сондай-ақ Шортанды кентіндегі сорғы стансасын қайта жаңғырту көзделуде.

Жұмыс барысымен танысқан Мәжіліс депутаттары Еділ Жаңбыршин мен Айна Мысырәлімова алдағы жылы республикалық бюджеттен 800 млн теңге бөлінетінін атап өтті.

Еске сала кетейік, осыдан бір ай бұрын Серікбол Мерей есімді азамат кент тұрғындарының атынан «AMANAT»

партиясының Төрағасы Ерлан Қошановтың қабылдауында болған еді. Сол кезде Мәжіліс Спикері «AMANAT» фракциясы республикалық бюджеттен су құбыры желісін жаңғыртуға қажет қаражат бөлуді бақылауға алатынын атап өтті.

Сонымен қатар халық қалаулылары Дамса және Научный ауылдарының көріз желілерін жөндеу жұмысымен танысты. Аталған жұмыстың 90 пайызы орындалды. Енді тек асфальтбетон жабынын қалпына келтіру жұмысы ғана қалды. Сондай-ақ Дамса ауылында жылу желілері тартылуда. Келесі жылдан бастап көпқабатты үйлер мен әлеуметтік нысандар орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылады.

Мәжілісмендер Научный ауылындағы жалпы білім беретін мектептің күрделі жөндеу жұмысымен де танысты. Аталған білім ошағы өткен ғасырдың 60-шы жылдары тұрғызылған болатын. Сол уақыттан бері алғаш рет күрделі жөндеу жұмысы жүргізіліп жатыр. Оқушылар 1 қазаннан бастап білім ошағын пайдалана алады. Алайда оқу процесі тоқтап тұрған жоқ. Оқушылар іргедегі музыка мектебінің ғимаратында білім алууда.

Айта кетейік, «AMANAT» партиясының Ақмола облыстық сайлауалды бағдарламасы аясында 2027 жылға дейін 65 ауылдық елді мекенде сумен жабдықтау нысанын салу және реконструкциялау, 525 шақырым сумен жабдықтау және су бұру желілерін тарту, 28 шағын ауылда су тазартатын кешенді блок-модульдер орнату жоспарлануда. Нәтижесінде, өңірдегі барлық қала және ауыл тұрғындары 100 пайыз сумен қамтылады.

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯНЫ ҚАЛАЙ ДАМЫТАМЫЗ?

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында Қазақстанда креативті индустрияны жаңа деңгейге көтеру керектігі жөнінде міндеттер қойды. Президенттің бұл бағытқа маңыз беруі қазір креативті индустрия экономиканың құрамдас бөлігі ретінде қарқынды дамуда, тіпті экономиканың өзге салаларын жетілуін ынталандыратын күшке ие.



Өздеріңіз білетіндей, 2021 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы «Халықаралық креативті экономика және тұрақты даму жылы» деп жариялап, креативті адамдардың шығармашылық жұмысын қолдауға мән берді. Ізінше біздің Үкімет Креативті индустрияларды дамытудың 2021—2025 жылға арналған тұжырымдамасын бекітті. Яғни, саланы жетілдіруге басымдық беріп, негізгі операторы ретінде Ұлттық экономика министрлігін белгіледі. Алайда әлемнің озық елдеріндегідей креативті бизнес дамыту дей алмаймыз.

Оған бірнеше себеп бар. Біріншіден, ел тұрғындары көз көріп жүрген бизнес түрлерінен өзгесіне бет бұра бермейді. Мәселен, жұмыспен қамту орталықтарына ұсынылған бизнес-идеяларды қарайтын болсақ, тігін тігу, торт пісіруден аспайды. Әрине, бұл бағытта жұмыс істеп, табыс тапқанына қарсы еместіз, қайта қуанамыз. Бірақ екінші бірі айналысуға қолжетімді болғандықтан, бәсеке жоқтың, қажырлы еңбекті талап етеді. Сондықтан креативті индустрияның мүмкіндіктерін халыққа жан-жақты түсіндіру жолға қойылғаны дұрыс.

Екіншіден, креативті экономика саласын жетілдірудің заңды тетігі әлі нақтыланып, жүйеленген жоқ. Креативті бизнесті мемлекеттік қаржылай қолдау, инвестиция салғандағы жеңілдіктерді қарастырған дұрыс.

Үшіншіден, креативті экономикаға жататын бизнес түрлерін қайта қарап, ауқымын кеңейту керек. Мәселен, Таиландта креативті салаға ұлттық тағамдар мен медицинаны қосады. Бұл жағын да қайта қарастырған жөн.

Төртіншіден, Кореяда креативті контент агенттігі (КОССА) саланың дамуына жауапты. Бұл ведомства киноиндустрия саласынан бастап дыбыс жазу мен музыка өңдеу, компьютер және виртуалды ойын түрлеріне дейін сүйемелдейді. Бүгінде Оңтүстік Кореяда креативті индустрия жетекші сала саналады. Осындай тәжірибені ескеріп, біздің елде де арнайы агенттік құру маңызды. Алматы қаласының Креативті индустрия басқармасының тәжірибесін зерделеп, өзге облыстарда да құру керек.

Бесіншіден, елде креативті индустрияны қолдау қорын ашу мүмкіндігін қарастырылса, болмаса «Қазақстан халқына» қоры арқылы қаржыландыру жағын қарастырған дұрыс деп санаймыз.

Бүгінде креативті экономика өндірістік экономиканың ауқымындай табыс табуға мүмкіндік беруде. Озық елдердің экономикасындағы ЖІӨ 15 пайызына дейін креативті экономика саласынан келеді. АҚШ, Қытай, Жапония, Ұлыбритания, Германия, Оңтүстік Корея сынды елдер креативті экономика саласында көшбасшы елдерге айналу үшін стратегиялық бағдармалар қабылдап, бұл бағытта жүйелі жұмыстар атқаруда. Жапонияда еңбекке жарамды халықтың 12 пайызы жана бизнес-модель бағытында еңбек етеді. Күншығыс елінің ірі-ірі мегаполистері креативтілікті жан-жақты дамуға. Енді шағын қалаларда бизнестің бұл түрін дамытуға мән беруде. Әлем бойынша креативті орталық ретінде Нью-Йорк қаласы бағаланады. Барселона, Берлин, Лондон, Лос-Анжелес, Париж, Сан-Франциско, Сингапур, Сидней, Сеул, Токио кіреді. Креативті орталықтардың негізгі ерекшелігі — талант иелерін көптеп тартып, саланың кластерленуіне мән береді. Демек шағын қалалар мен облыс орталықтары креативті индустрияны дамыту үшін талант иелеріне жан-жақты жағдай қалыптастыруы керек. Онсыз креативті бизнес дамымайды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы, Астана және Шымкент қаласынан бөлек, өзге облыс орталықтарында креативті бизнестің дамуына мән беруді тапсырды. Бұл тапсырманы орындау үшін креативті индустрияның кластерленуіне басымдық беру қажет.

Креативті индустрия саласында ең табысты саналатын Голливудтың тәжірибесін алайық. Алпауыт кинокомпаниямен бірге шағын-шағын студиялар дамып келеді. Мәселен, фильмге сценарий жазу және түсірім алаңын табу, өртістерді дайындау және тандау, түсіру және өңдеу, кинопрактикаларды жарнамалау және сату кіреді.

Қысқасы, креативті экономиканы дамытуда креативті тұлғаларға жағдай жасап, шығармашылығын қолдай білуіміз керек. Өңір әкімдері осындай қарапайым міндетті жақсы түсінеді деп ойлаймыз.

Данабек ИСАБЕКОВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты,
«AMANAT» партиясы
фракциясының мүшесі

АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛ КОНФЕРЕНЦИЯЛАРЫ БАСТАЛДЫ

Биыл әкімдер сайлауы өтетін қалалар мен аудандарда «AMANAT» партиясы филиалдарының конференциялары басталды. Конференция делегаттары әкім лауазымына ұсынылатын кандидаттарды бекітуде.

«AMANAT»-та аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімі лауазымына партиядан кандидат ұсыну процесі басталды. Атап айтқанда, бүгін Ақтөбе облысында партияның Ойыл аудандық филиалының кезектен тыс ІІ (50-ші) конференциясы өтті. Конференция жұмысына қатысқан делегаттар шешімін Ойыл ауданының әкімі лауазымына кандидат ретінде Асқар Қазыбаев ұсынылды. Алдағы күндері ол аумақтық сайлау комиссиясында тіркеуден өтеді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Қазақстанда сайлау жүйесі жетілдірілуде. 2021 жылдан бастап елімізде ауыл әкімдерін тікелей сайлау тетігі іске қосылды. Осылайша, өңірдегі Ойыл, Ырғыз және Қобда аудандарының әкімдерін тікелей сайлау арқылы азаматтардың саяси белсенділігін арттырмақпыз. Алдағы сайлау науқаны саяси мәдениет пен бәсекелестікті арттыратыны анық», —

деді «AMANAT» партиясы Ақтөбе облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ербол Данағұлов.

Ол былтырдан бастап өңірде 111 ауылдық округ әкімдерінің сайлауы өткенін, оның барысында «AMANAT» партиясынан 101 кандидат жеңіске жеткенін атап өтті. Бұл партияның саяси науқанға дайындығын және білікті кадр мен сауатты саяси платформамыз барын аңғартады.

Сондай-ақ бүгін Маңғыстау облысында «AMANAT» партиясы Бейнеу аудандық филиалының кезектен тыс XXXIV (44-ші) конференциясы өтті. Іс-шараға 160-қа жуық делегат қатысып, олар аудан әкімі лауазымына Рахымжан Шалбаевты ұсыну туралы шешім қабылдады.

Айта кетейік, алдағы уақытта аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардағы партия филиалдарында осындай 43 конференция өткізу жоспарлануда.

ӨНІМ БӨЛІСУ: ҚАЗЫНА ИЕСІНІҢ ҚАҚЫСЫ ҚАЙДА?

(Басы 1-бетте)

Елдос СЕНБАЙ

Тиісінше, аталған әлемдік алыптарымыздың тізгіні де Қазақстанның емес, шетелдіктердің қолында. Олар әрине, бірінші кезекте өз қалталарын толтырудың қамын жасайды да, Қазақстанды өрге сүйреуге бас қатыра бермейді.

— Олардың жобалық шешімдері қалпымен импорттық материалдар мен құрылғыларға негізделеді. Бұл отандық өндірушілерді мұнай-газ саласындағы жобалардан шеттетеді. Соның кесірінен, Теніз, Қашаған, Қарашығанақтың ірі жобаларындағы тауарлардың жергілікті үлесі, яғни қазақстандық мазмұн 5 пайызға да жетпейді. Үкімет жергілікті инженерлер мен компанияларды міндетті түрде тарта отырып, жобалық дизайн-офистерді Қазақстанға көшіруге ықпал етуге тиіс, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мынадай «қызықты» дерек назар аудартады: ол қандай компаниялардың өзі өндірген әрбір тонна мұнайдан ел қазынасына барынша көп салық төлегенін көрсетеді. Бұл ретте жер астынан жылына 500 мың тоннадан астам қара алтын шығаратын ірі 15 компания алынды. Еліміздегі бір жылғы бүкіл мұнай өндірісінің 92%-ы солардың үлесінде.

Бұл көшті Теніз, Қашаған, Қарашығанақ бастап тұруы шарт. 2022 жылғы дерек бойынша, ішінара ғана солай болды: Қарашығанақ Петролеум Компани (ҚПО) әрбір тонна мұнайдан елге 89 мың теңгеден салық төлеп, бірінші тұғырға көтерілді (бұрын бірінші тұғырда Қазгермұнай тұратын). Екінші орынға Тимур Құлыбаевтың «Каспий нефть» компаниясы шықты — 71 мың теңге. Үшінші қазақ-қытай бірлескен кәсіпорны саналатын «Қаражанбасмұнай» АҚ тұйықтады: 1 тоннасынан 66 453 теңгеден төледі.

Теніз алыбын басыбайлы астына басқан Тенішевстрой тек төртінші орында: 64 136 теңге. Ары қарай тізімді негізінен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясына тиесілі еншілес кәсіпорындар толтырды.

Маскара болғанда, супералып Қашаған кен орнын игеріп жатқан North Caspian Operating Company N.V. (NCOC) төлегені ашы кекесін ғана тудырғандай: 1 тонна қара алтыннан 9 257 теңгеден

салық аударыпты. Сонымен бірге ол қазқтың қазынасын тезірек әрі көбірек өндіріп алуға жанталасуда және бұл жөнінен екінші орынға шықты. Оның алдына түскен ТШО бір жылда 26,5 миллионнан астам тонна, ал NCOC 16,2 миллионнан артық тонна қара алтын өндіріпті (NRG monitor дерегі).

ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАНША ТАБЫС ТҮСЕДІ?

Сарапшылардың түсіндіруінше, бұрынғы билік бекіткен Өнім бөлісу келісімшарттары (ӨБК) қазақстандық ірі кен орындарын шетелдік инвесторлардың қанжығасына байлап берді. Өйткені бұл келісімшарттар COST oil және PROFIT oil қағидастарына құрылған. Қарапайым тілмен айтқанда, қазақ жерінің қойнауынан шығарылған әрбір бөшке-баррельді екі бөлікке бөлуге болады.

Бірінші бөлігі инвесторлардың кен орнын игеруге жұмсаған шығындарын «жабуға» бағытталады. Екінші бөлігі — инвестор-қожайынның, соның ішінде консорциум қатысушыларының табысын, өзге де төлемдерін төлеуге кетеді. Сонда Конституцияға сай, сол ен байлықтың иесі саналатын халыққа не қалады? Салық қана.

“

ӨБК-нің қазақстандық саналы қоғамды, сарапшыларды кіжіндіретіні де осыдан. Әлемдегі аз шоғыр ғана «супериганттың» үшеуін иемденген Қазақстанда, Ұлттық банктің дерегінше, халықтың 90%-ының табысы айына 151 мың теңгеден аспайды.

ӨБК-нің қазақстандық саналы қоғамды, сарапшыларды кіжіндіретіні де осыдан. Әлемдегі аз шоғыр ғана «супериганттың» үшеуін иемденген Қазақстанда, Ұлттық банктің дерегінше, халықтың 90%-ының табысы айына 151 мың теңгеден аспайды.

Мысалы, дамыған елдерді айтпағанның өзінде, тіпті Ресейде Өнім бөлісу келісімшарттары деген жоқ. Соның арқасында Ресей әрбір кен орнынан түсетін табыстың жартысынан артығын ел қазынасына алып қояды.

Салаға жауапты мамандар республикада бекітілген әрбір ӨБК-нің төл ерекшелігі, детальдері мен нюанстары



Елшір Қ.А.А. (қолжазба)

барын алға тартып, ақталады. Нәтижесінде, әрқайсысының мемлекетке төлейтіні келісімшарттың ерекшеліктеріне, ӨБК бекітілген жылдағы мұнай құнына, сатылған көмірсутектің орташа құнына және басқасына байланысты көрінеді. Алайда ол келісімшарттардың егжей-тегжейін ел білмейді. Билік әлі күнге жасырып ұстап отыр.

Осыған байланысты Мәжіліс депутаттары халық тілегіне құлақ асатын мемлекет қағидаты аясында Өнім бөлісу келісімшарттарының жай-жапсарын жұртшылыққа жария етуді сұрай бастады. Биылғы сәуірде «Ақ жол» партиясы Үкіметке тиісті депутаттық сауалын жолдаған. Таяуда Мәжілістің жалпы отырысында бұл мәселені депутат Бақытжан Базарбек көтерді.

«Халықаралық талаптарға сәйкес, бұл келісімшарттар екі жақтың өзара келісімі болса ғана жарияланады. Егер келісімді жария ету талабы нақты қойылса, онда біз аталған үш алпауыт кен орнының иелеріне тиісті талаптарымызды қоятын боламыз», — деді Энергетика вице-министрі Асхат Хасенов.

Ол ӨБК-лер мүлдем құпия еместігін, оларға қатысты кейбір ақпарат жарияланып тұратынын жеткізді.

«Өнімді бөлісу келісімшарттарына қатысты арнайы тұрақтылық берілген. Олардың шарттары қайта қарауға жатпайды. Бірақ олар туралы мүлдем, ешқандай ақпарат жоқ деуге болмайды. Ашық ақпараттар бар: олардың экологиялық міндеттемелерінің орындалуы, қанша салық төлеп жатқаны, қандай өңірлерге әлеуметтік-экономикалық көмек көрсететіні анық. Келісімшарттарға қосымша басқа да шаралар қамтылуы үшін Мәжіліс пен Үкімет арасында арнайы жұмыс тобы құрылды, оған депутат Еділ Жанбыршин басшылық жасайды. Сол жұмыс тобында қандай ақпараттарды ашық жариялау бойынша жұмыс істейміз», — деді Энергетика вице-министрі.

БӨЛІСУ ЕМЕС, ҚАНАУ СИЯҚТЫ

Бұған дейін тараған дерек бойынша Қазақстан тарапы тек бір ӨБК бойынша 2022 жылдың қорытындысында инвесторларға 2 млрд 595 миллион доллар немесе 1,2 триллион теңге артық төленгенін анықтап, дауласып жатқан көрінеді. Сарапшылар жалпы сома бұдан әлдеқайда көп екеніне сенімді.

Мұнай-газ саласының сарапшысы, Мұнай сервисі компаниялары одағының басшысы Нұрлан Жұмағұловтың мәліметінше, Қашағанның ӨБК-сі бойынша өтелетін шығындарға қатысты дау сома-сы 15 млрд доллардан асып кеткен.

«2022 жылға арналған жылдық есебінде «ҚазМұнайГаз» ұлттық компания-сы дауға іліккен өтелетін шығындардағы

БАҒАЛАСАҢ — КИІМІНДІ БАҒАЛА!

Қазір еліміздің жасы мен кәрісі Қытайдың Ханчжоу қаласында өтіп жатқан Азия ойындарындағы спортшыларымыздың тілеуін тілеп, тақымын қысып отыр. Әлбетте, байрақты бәсекеде ел намысы үшін сынға түсіп жатқан спортшыларымыздың барлық жағдайы жасалғаны дұрыс. Күні кеше сондағы маунтинбайктер Қазақстан құрамасының спортшысы Алина Сарқұлова спорт киімдерінің сын көтермейтінін, аяқкіім мен жейденің жырытыла беретінін айтып, видео жариялаған болатын. Осыған қатысты біз де ақпарат іздеп көрдік.

Наурызбек САРША

Киетін киімнің сапасына шағымданып, бейнеундеу жариялаған спортшы Алина Сарқұлованың айтуынша, спортшыларға берілген киім формалары бір реттік қана киілетін киім секілді.

«Бізге берілген форма туралы не айта аламын? Кроссовкамыз жарамсыз. Мен кроссовкамен екі рет қана жүрдім. Екінші рет кигенде табаны ажырап кетті. Жейдемді қараңыздаршы, жіптері сөгітіліп жатыр. Шалбарымыз да дәл сондай. Жіптері сөтінеп, жыртылып кетті. Спорттық формамыз бір киюге ғана жарайды. Біздегі жағдай осындай», — дейді Сарқұлова бейнежазбада.

Алина Сарқұлованың шағымына Азия ойындарының спортшыларына арнап киім тіккен «КазСпо-N компаниясы» Ziboo» ЖШС басшысы Елена Свечникова компанияның әлеуметтік парақшасында жауап берді. «Зибро компаниясы кроссовкалар мен бейсбол-қаларды өндірмейді. Видеодағы айтқан кроссовқадағы жағдай біздің өнімімізге кірмейді. Ал поло жейделеріндегі жыртыққа келетін болсақ, ол 100 пайыз түрік матасынан жасалған. Видеода байқағанымыздай, жыртық шынтаққа жете бере жерде жейденің қол жөнінің жиегінде болғаны көрініп тұр. Яғни, бұл жең сыртқы қандай да бір әсерлерден болмаса жыртылуы мүмкін емес. Ал шалбарына келетін болсақ, видеода оның сапасыздығына дәлел келтірмеген. Мен сонда да түсініктеме бере кетейін, бұл шалбардың матасы ресейлік компанияның өнімі. Сапасы жақсы», — деп мәлімдеді ол.

СПОРТТЫҚ ФОРМАҒА 110 208 000 ТЕНГЕ ЖҰМСАЛҒАН БА?
Ал «Әділдік жолы» РҚБ атқарушы директоры Дидар Смағұлов әлеуметтік парақшасында спорт комитетін сынға

алып, бұрынғы Мәдениет және спорт министрлігі Азия ойындарына қатысатын спортшылардың киімі үшін бюджеттен 110 208 000 теңге жұмсағанын жеткізді.

«Спорт комитеті Азия ойындарына қатысу үшін формаға (аяқ киімсіз) 110 208 000 теңге жұмсады. 600 жинақ үшін. Келісімшарт, әрине, бір ғана тараппен, ешқандай конкурсыз жасалған. Небәрі 2



жылдың ішінде Спортты дамыту дирекциясы формаға 1 164 683 520 теңге жұмсаған және барлық келісімшарттар бір көзден жасалған», — делінген жазбада.

Ал кеше Туризм және спорт министрлігінің Спортты дамыту дирекциясы ұлттық құрама спортшыларының киіміне байланысты мәлімдеме жасады.

«Қолданыстағы заңнама бойынша спорттық киім-кешек тізілімге кіретін және индустриялық сертификаты мен СТ-KZ сертификаты бар отандық тауар өндірушілерден сатып алынуы тиіс. Спорттық форма осы сертификаты бар өндірушілерден сатып алынды. Айта кету керек, индустриялық сертификаты мен СТ-KZ сертификаты бар отандық өндірушілер саны аз. «КазСпо-N компаниясы» Ziboo» ЖШС, ЖК 79-шы



кезінде спортшылардың эмоцияларына түсіністікпен қарайтынын, қазір спортшыларға қажетті жағдай жасау үшін барлық бағытта жұмыс істеліп жатқанын атап өтті.

БӘСЕКЕЛЕСТІК КЕРЕК

Сонымен қатар осы мәселе бойынша Туризм және спорт министрлігінің ресми өкілі Мөлдір Әбдуалиева да түсініктеме беріп, Азия ойындарынан кейін арнайы комиссия құрылып, спортшылардың түрлі жарыстарда өнер көрсетуі үшін спорттық форма дайындау мәселелерін зерттейтінін жеткізді.


Жалпы осы уақытқа дейін ZIBROO спорттық киімінің қазақстандық өндірушісі біршама олимпиадалардағы спортшыларымыздың киімін тігіп келген еді. Мәселен, былтыр Бейжіңде өткен қысқы ойындардағы киімді де аталған компания мойнына алған болатын. Сол кезде Халықаралық Олимпиада комитеті Бейжіңдегі қысқы ойындардағы ұлттық құраманың үздік сәнді киім үлгісі тізімін жариялап, үздіктердің қатарына қазақстандық спортшылардың киім үлгісі кіргендігін хабарлаған еді. Ол кезде ZIBROO спорттық киімінің қазақстандық өндірушісі ресейлік дизайнер Дмитрий Шишкинмен Бейжің 2022 үшін ынтымақтасқан болатын. Сондай-ақ ХОК өз шолуында Forbes журналына сілтеме жасап, қазақстандық спортшылардың киімін «ең жақсы сән дипломатиясы» деп атады. Бұған дейін америкалық басылым Қазақстанның Олимпиадалық

формасын да Бейжіңдегі ойындарда ең стильді киімдер рейтингіне қосқан болатын. Қазақстанмен қатар Халықаралық Олимпиада комитеті мен Forbes АҚШ, Канада, Ресей, Қытай, Швеция және Германия спортшыларының образдарын ерекше атап өтті. Сонымен қатар сол қысқы Олимпиадада қазақстандық ту ұстаушылардың костюмі спорт шарасының тарихындағы ең үздік киім үлгісі деп танылған еді. Бұл туралы Ұлттық олимпиада комитетінің бас хатшысы Андрей Крюков мәлімдеген болатын. Онда еліміздің туын коньки тебуші Екатерина Айдова мен шорт-трекші Абзал Әжіғалиев ұстаған еді. Олар Сақ патшайымы Тұмар мен қазақ батырларының бейнесіндегі тарихи үлгідегі киім киіп шыққан болатын. Сонымен қатар Токиодағы жазғы Олимпиада ойындарында да қазақстандық спортшылардың киімі үздік сән үлгісі деп танылған.

Осы ретте біз осындай спорттық киімдер тігіп, елімізде танымал спорттық іс-шараларға демеушілік етіп жүрген Champion.Kaz компаниясының басшысы Ернар Үсенбаевтың пікірін білген едік. Оның айтуынша, спортшыларымыздың формасын тігуде елімізде бәсеке-келестікті арттыру керек.

«ZIBROO спорттық киімінің қазақстандық өндірушілері еліміздегі спортшыларға олимпиадалардағы киімдерін 20 жылдан аса уақыттан бері дайындап келе жатыр. Оларға бәсекелес компаниялар жоқ дегенге сенбеймін. Бар. Бірақ келісімшарт нәтижесінен осы компанияны ғана көріп келеміз. Жалпы спортшыларымыздың үстіне кигендері шет елде сынға қалмас үшін, сапасы жақсы болуы үшін аталған салада біраз өзгерістер қажет етіп тұр. Біздің отандық спорттық киім брэнді де аталған конкурстарға қатысқан болатын. Бірақ өкінішке қарай, біз өте алмадық. Егер бізге осындай мүмкіндік келсе, ешқандай пайданы ғана ойламай, еліміздің намысы үшін барлық мүмкіндігімізді пайдаланатын едік», — дейді ол.

Бүгінде Қытайға Азияның 45 елінен 15 мыңнан астам спортшы бақ сынасып, олар спорттың 40 түрінен 481 медаль жиынтығын сарапқа салуда. Ал еліміздің атынан спорттың 30 түрінен 525 спортшы қатысып жатыр. Алдағы уақытта спортшыларымыз сапасыз киіммен өздерін жайсыз сезінбес үшін осы мәселеге қатысты құрылған комиссия тиісті шешім шығарады деп үміттенеміз.



ҮНДІСТАНДА ҮЗІЛДІ ЖҮРЕК ЖІБІ...

Жақында Астанада көрнекті жазушы, драматург, журналист Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына арналған жиын өтті. Шаралар легі Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына орай өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесінен басталды. Көрнекті жазушының мерейтойына орай Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан ресми құттықтау хаты табысталды. «Оралхан Бөкей – ұлт руханиятының көкжиегін кеңейтуге зор үлес қосқан біртуар тұлға. Қарымды қаламгер әдебиет әлеміне алғаш қадам басқан сәттен бастап шоқтығы биік шығармаларымен оқырман қауымның ықыласына бөленді. Жазушының жауһар мұралары көптеген шет тіліне аударылды, пьесалары еліміздің іргелі өнер ордаларында қойылып, көрермен көзайымына айналды. «Алтайдың Кербұғысы» атанған ерекше дарын иесінің шығармашылық жолы, азаматтық ұстанымы және қайраткерлік қасиеті – жастарға әрдайым үлгі-өнеге. Оның мол әдеби мұрасы әлі талай ұрпаққа рухани азық бола беретіні сөзсіз» делінген құттықтау хатта.

Орағанның денесін Қазақстанға алып кайтатын болдық.

Делиден Ташкентке дейін қиналмай ұшып келдік.

Қиындықтың көкесін Ташкентте көрдік. Өзбекстан әуежайында «табытты ашындар, мүмкін сендер есірткі әкеле жатқан шығарсындар...», — деп кеденшілер кергісін келіп. Шымкенттен жеткен Үкімет жіберген ұшақта «Қазақстанская правда» газеті бар екен. Онда Оралхан Бөкейдің суреті басылып, Президент қол қойған қазанама жарияланпты. Өзбектерге соны көрсетіп, «Әкеле жатқанымыз тегін адам емес, үлкен жазушы, Президент білетін адам, ертең бірдене болса, өздерің жауап



бересіндер» деп док қылып жүріп, түннің ортасында Еркін, Алпаған үшеуміз ұшаққа өрең дегенде салдық. Қасарысып жүріп, табытты ашықбадық...

Әшейіндегі «өзбек — өз ағам» дегеннің бәрі жайына қалды. «Мұсылманшылық» та ұмыт болды. Бір пенде бізге қол ұшын бермеді. Табыт — зілқара таспен тең, Алпаған қайбір палуан кісі дейсіз, қалт-құлт етіп әзер жүр, барлық күш Еркін екеумізге түсті. Жолаушылар ұшағының артқы бөлігіне табытты кіргізу барысында ақ тер, көк терге түстік.

Қуанып барып едік Үндістанға. Қайғырып қайттық.

Сапардың басы қалай болып еді? Қазақстанға Үндістанның премьер-министрі Нарасимха Рао келетін болды. Осыған байланысты екі ел арасындағы рухани және гуманитарлық байланыстарға жол ашу үшін арнайы делегация жасакталды. Басшы — Оралхан Бөкей. Біз — қосшы. Ақпарат агенттігінің төрағасы Алтынбек Сәрсенбайұлы Оралхан ағаны Үндістанға жібергені үшін, сапардың соңы жазушының

тық. Оралхан бетімнен сүйді. Балаларын біраз еміренді. Мен әзілдеп: «Байқа, индиалқармен махаббат құрып кетпе», — дедім. Ол да жайрандай күліп: «Сен де байқа, мен жоқта қылырушы болма», — деді. Сөйтіп, әдетімізше әзілдей қоштасып, папамызды алыс жолға шығарып салдық. Арада екі-үш минут өтер-өтпестен есік қонырауы шылдыр ете қалды. Есікті ашсам, Оралханым тұр. «Үнді мұхитына суға түскенде киетін киімді алмаппын ғой», — дейді. Мен ренжіп: «Кірме, кірме, қазір әкеліп беремін, соған бола несіне оралдың?» — деп жүгіріп жаттім. Менің түсінігімде — ұзақ жолға бара жеткенде үйге екінші рет қайтып келу жаман ырым. Орыстар: «Кайтып келме, жолын болмайды», — дейді. Бірақ мұны ешқандай да жамандыққа жорыған жоқпын. Оралхан асығып кеткен соң, терезенің алдына бардым. Машинаның рөлінде Махамбет отыр. Оралхан артқы орындыққа барып жайғасты. Бізбен қолын бұлап қоштасты... Мәңгілікке қоштасып тұрғанымызды тіпті сезбеппіз де...», — деп егіле жылаған...

Алматы әуежайында Ор-аған оқшау, өзімен-өзі тұрды. Маған ол кісі әлденеге қатты қапалы төзімді көрінді...

Біз Делиге Ташкент арқылы ұшатын болдық. Шымкентте бізді Еркін Қыдыр күтіп алды. Жағдай былай екен: Үндістанға тек Ташкент арқылы ұшамыз, бүгін Шым-



қазасымен түйінделгені үшін өзін көпке дейін кінәлі санап та жүрген еді. Бірақ «Оралхан оқулары» атты көркемсөз жарысының ережесін жасатып, бертіңге дейін жалғасып келе жатқан мәдени шараның авторы да Алтынбек еді...

Амал нешік? Тағдырдың жазуы. Талканы Үндістанда таусылып тұр екен...

Жүрсін Ерманнан естігенбіз: «Сол сапардың алдында оны Түркияға баратын делегацияның басшысы етіп сайлағанда: «Жок, мен Үндістанға барып келейін» деп болмап еді...».

Алпысбай Шымырбай өз естелігінде: «Жолға шығардан бір күн бұрын ақпарат министрлігіндегі сапар алдындағы әңгімеге жұмысы аса қауырт болды ма екен, Ораған келе алмай, ертесіне түс әлетіне әуежайға өзінің әбден жолсоқты болған қара қайысты көне сөмкесін көтеріп келген-ді (дарига-ай, онда кім білген, осы көніс, көнетөз қара сөмкенің егесіз, иесіз қайта-тының?!)... «Таңертеңнен осы жолға үйден бірден дайындалып шығып едім» дегені де есімзде... Ойпырым-ай, аттың жалы, түйенің қомында, сапырылыста қайта үйге бас сұғып, балаларын да қушырлана қайта сүйіп, иіскеп шығуға мұршасы болмағаны-ау... Жай ұйқыдан мәңгілікке көз жұмған Ор-ағанның сол сапардан көнетөз, көнетөз болса да, мың-сан бағалы су жана сөмкеге тең тұрмайтын жол сөмкесін Төлегеннің ақ боз атындай бос алып қайтамыз деп ойлап па едік?!» — деп еске алды кейін.

Қаламгердің қарындасы Ғалия Бөкейқызының «Жолсапарға кетерінде үнемі үйден аттанғым. Бірақ неге екенін білмеймін, осы соңғы Үнді еліне баратын сапарымда үйден емес, жұмыстан кетті. Маған телефон соғып: «Мен келгенше балаларға сүт апарып беріп тұр, мен қазір кетемін», — деді. «Үйге бармайсың ба, жұмыста неге отырсың?» — деп едім, «Жұмыс көп, уақытты жетіспегендіктен жолға жиналып бір-ақ келгем. Бір нәрсемді ұмытып кетіпін, қайта қайырылмаймын үйге, сау бол, ұзақ болмаймын, тез ораламын», — деп тұтқаны қоя салды. Олан кейін бізге ешқашан қоңырау соқпады...», — деп жазғаны бар.

Жазушының жары Ардақ Бөкеева: «Үндістанға аяқ астынан жиналды ғой. Алдында Түркияға бармақшы болып дайындалып жүрген. Түркияға барып келген соң, қызымыз Айжанды Германияға емдеуге апармақ болатын. Сол кезде Айжанның бүйрегі қатты ауырып, бар уайымымыз «қалай емдеміз, қалай аман алып қаламыз» деген ойдың төңірегінде еді. Құдайдан күндіз-түні сауығып кетугін тілейтін. «Мені алсаң ал, Айжанымды аман қалдыра гөр», — деп Құдайға жалбарынғаны естігенде, ет жүрегім өзілетін. Дәрігерлер Германиядағы бүйрек ауруын емдейтін үлкен орталыққа апаратын болсақ қана үміт барын қадап айта берді. Сондықтан да Оралханның ойы қалайда Айжанды сол орталыққа апарып емдеуге мүлдем ауып қалған болатын. Бірақ аяқ астынан 10 мамыр күні Үндістанға ұшатын болды. Екеуміз теңертегісін үйде қоштас-

кентте қонып, ертең ертемен Ташкентке баратын көлік даяр екен, сонда кетеміз...

— Бір күнді Шымкентте жоғалтқанымыз қиын екен, — деп Ораған сәл-пәл қапаланып қалды. Іле: — Менің мұнда Төлеметов деген досым бар, мен сонда боламын. Ертең бірден Ташкентке шығып кетейік, — деді де, бізбен қоштасып достарына тартты. Екі Татьяна мен Алпағанды қонақүйге орналастырып, Еркін екеуміз Үндістанға тұңғыш жасайтын сапарымызға дайындық жасауға кірістік. Бұрын шетелге кім шығып көрген? Не керек, не киеміз, жолға не аламыз? — деумен түннің ортасына дейін ұйықтаған жоқпыз.

Оралхан Бөкей онтүстікке 1991—1993 жылдары бірнеше рет барған екен. Мархабат Байғұт өз естелігінде «Оралхан Бөкей «Қазақ әдебиеті» газетін басқарып тұрғанда апталыққа оқырмандарды көптеп жаздыруды жандандыру мақсатында онтүстіктің бірнеше ауданын аралағанын жазады. Бір келгенде «Сарыағаш» шипажайында емделген. Олан кейін Мархабат ағаның ұлы Баубектің үйлену тойына қатысыпты. 1993 жылы мамыр айында Қуаныш Төлеметов «Восход» қонақүйіне қондырмай, өз үйінде мейман етіп күткені белгілі. Қуаныш Төлеметов осы үйде Жұмабек Төшішев тұрғанын айтқанда, Ораған «Апырай! Аңызға айналған адам осы мекенжайда тұрған ба?» — деп таңғалыпты.

Сонымен төрт көзіміз түгел жиналып, Ташкентке баратын «РАФ» машинасына отырып, тартып кеттік.

— Терезені ашыңқырап қойындар. Шымкенттің күні жанды ғой... Үндістан бұдан да ыстық шығар... — деп Ораған жол бойы желпінікіреп отырды. — Түнімен карта ойнап...не итіміз бар еді!.. Шымкенттің жігіттерін түгел сыпырып... ой-хой, өзіміздің Шымкентке жетпейді ғой... бытырлатып ұтқаным-ай...» — деп, ара-тұра Алпағанмен қалжыңдасып, көңілі шаттанып өте жақсы отырды.

Алыс жолға тұңғыш рет шыққанның әсері ме, бәріміздің көңіліміз көтеріліп, ойнап-күліп отырып, Ташкентке қалай жеткенімізді білмей қалдық. «Ташкент» қонақүйіне орналасуға тура келді. Бірден Ташкентке жетсек болды, дереу Делиге ұшып кетердей өрекіңнен көңіліміз су сепкендей басылды. Алматыдан берілген заявканы жасасқ естіген бе, әлде өзбек ағайындар әдейі жасады ма, белгіленген күннен бір күн кешігіп ұшатын болдық. Ораған Қазақстанның Өзбекстандағы тұрақты өкілігіне дейін барып көрді, еш реті келмеді.

— Мұнда тағы бір күнімізді жоғалттық-ау. Шымкент анау... Ташкент мынау... Бұл өзбектертің пәле қазір. Тастай. Мемлекет үшін барын салады. Бұл иттерді сатып та ала алмайсың... білем ғой бұларды... Қазақтарды он орап кетуі мүмкін бұларын. Сауда-саттыққа бағыядан араласқан... сөздері майла... өздері өлермен... кей жерде үйрену де керек бұлардан... — деп, Ораған қонақүйдің үстіңгі қабатындағы дәмханаға көтеріліп, бір-екі шыны шай ішкенге шей-

ін қызбаланып сөйледі. Қонақүйге орналасар кезде кезекші администратормен де ештеңе қақтығысып қалған жайымыз бар. Орыс ақшасын місе тұтпаған администратор бізден доллармен есеп айырысуды талап етті. Күн сайын құнсызданып жатқан орыстың сомы көдеге жарамаған соң қайтерсін.

— Далаға түнесек те доллар бермеспіз бұларға, — деп Ораған көзімдідей сөзбен ұстасып, ақыры жеңістік бермеді. Өзбекстан азаматтарына қонақүйге орналасу бағасы бір бөлек те, басқа елден келгендерге шетел ақшасы бағамын бойынша жамбасқы белгіленіп қойылған екен. Алматыдағы қонақүй бағасымен салыстырғанда екі есе жоғары. Ораған бұған да күйіп-пісіп біразға дейін сөз етумен болды.

Еркін Қыдыр жақында «Түркістан» газетіне «Оралхан ораламаған сапар» деген естелігін жариялады. «Өзбекстан астана-сына жетуге жеткенмен ары қарай өтудің әуре-сарсаңы көп болды. Тәуелсіздіктің буына мас болған өзбек ағайындар, әсіресе әуежайда қарулы қарақшыларды тексергендей біздің қойын-қонышымызды түгел тінтті. Өстіп жабығып, сарылып жүріп тексеру бекетінен де өттік-ау. Сөйтсек, Ораған бір түбіртек қағазын түсіріп алыпты». «Жол жүрмей жатып жөк іздедім, бұл жақсы ырым емес» деп әрі-бері сабылып, әлгі қағазды бәрібір таба алмады. «Неге сонша таусылды екен» деп ойладық та қойдық», — деп жазды Еркін.

Не болғанда да Ораған ауырып жатқан қызына алаң көңілде болды ма, жоқ әлгіндей көріністер шымбайына батты ма, Үндістан сапарында көбінесе өзімен-өзі оқшау көңілде болғаны рас. 1993 жылдың наурыз айында жазған күнделігіне жазушы былай деген екен: «Бүгін таңертең ертемен Семейге ұшыуым керек еді. Бара алмадым. Қырықтын бесіне келгенде, Құдайдан жалбарынып жүріп, бір ұл (Айхан), бір қыз (Айжан) сұрап алдым. Маған деген тағдырдың талқысы көп еді... Енді, енді еңіреуден есімді жиып, шүкіршілік айта берген кезде, аузымнан түсіп қалған ботақаным Айжанымның бүйрегі жазылуы екіталай ауруы бар деген ауыр сөз естідім. Сен соққандай емес-ау, қалың сеннің астында қалғандай халдемін. Көзімде жас... Көңілім үйдің пешіндей үілдейді... Құр сүлдерім... Не істеймін? Қайда барамын? Қарағым-ау, жүресімді қак айырып, қансыраттын-ау! Қайтейін? Қайсыбірін айтайын? Өзімді алып, баламды қалдырсаңшы, Аллам!...»

Тіпті, Агра қаласына барарда сәл аялдаған тұс болды. Мәшинеге отыра бергенде ойда жоқ әңгімені қозғады: «Мен туралы ертең естелік жазасындар ғой, қазір «мен бар, Мұхаң бар» деп жазып жатыр ғой... — деп аяғын әзілге бұрып жіберді. Сол сәтте мән бергенім жоқ бұл сөзге. Жексенбіде Делиге жетіп, түнде «жасқы» десіп, ертеске ұйқысынан оянбай қалған Ор-ағанды көргенде... Бәрі де көрген түстей болды ғой...

Бірақ үлкен кездесулер кезінде Ор-аған керемет бір әсерде жүрді. Ресми жиындарда тәуелсіздігін енді ғана алған еліміз жайлы әңгімелеп, жұрт алдында елдік мәселелерді көтерді. Үнділер мен қазақ халқының бір-бірімен табиғи ұқсастығын сөз етіп, оларға қазақтың сазсырнайын тарту еткені де есімде. Кешке театрға, әртүрлі кештерге барып тұрдық. Сонда бір қойылымның музыкасынан әсер алғаны соншалық, Ораған диктофонына әлгі әуенді жазып алды. «Желтоқсан оқиғасы жайлы халықтың рухын көтеретін бір пьеса жазсам ба деп жүрмін. Мына музыка керемет екен» деп бәлаша қуанған еді.

1993 жыл нарық қысып, қазақ ауылдарының жағдайы нашарлап жатқан кезде болатын. Сол сапарда Ор-аған: «Осыдан қазақ ауылдарының жағдайын елге барған соң премьер-министр Сергей Терешенкоға арнайы барып жеткізем. Үкіметтің ауыл халқына мойын бұруына бағытталған нақты ұсыныстарды түртіп қойдым», — деген еді.

Ұлттық, елдік, мемлекеттік мәселелерге көбірек тоқталатын. Сонымен қатар сапар барысында фотоаппаратымен есте қаларлық жерлерді суретке тартып жүрді. Тағы бірде «Қап, көшеде бұралып жатқан адамды түсіре алмадым-ау», — деп өкінгені бар. Қолы қалт еткен сайын әңгіме шертті. Еркін Қыдыр екеумізге өз өмірінен көп нәрсе айтты. Замандастары арасынан Сағат Әшімбаев пен Нұрлан Оразалиннің есімдерін жиі атайтын. «Дүниенің жаналығы керек болса, Сағаттан сұрап алатын едім». «Нұрлан деген жан дүниесі нұрлы жігіт қой». Жазған дүниелері туралы, кейбір әңгімелері жайлы егжей-тегжейлі сөз қозғап, көп ашылып, ақтарыла сөз қозғады. Біз Ор-ағанды осыныша ашылады ғой деп күтпеген едік. Әр әңгімесін қызығып, құмартып тыңдай бердік...

«Мен жазушы болуды армандадым, жазушы болдым. Менің парталас досым Женіс ұшқыш болуды армандады, ол да ұшқыш болды. Адам армандай отырып, соның жолында күресу білуі керек. Бүкіл адамзат саған қарап тұрғанда, өз-өзіңді шексіз жауапкершілікте сезінгенде ғана ойлаған мақсатыңа жете аласың».

«Әр газеттең редакторының мінезі көрініп тұрады. Газетіне қарап мен оның қандай адам екенін бірден білем. Мен очеркке жан бітірдім, бойына жан жүгірттім. «Лениншіл жасақ» мен «сал, малшы, өндіріс, жұмысшы» деп күбірлеп-сыбырлап келгем жоқ, бар дауысыммен айқайлап «Адам» деп келдім. Іә, бізге керекі — ең әуелі Адам, Адамның тағдыры», — деген сөзді айтқан да Оралхан Бөкей.

«Сен не ойлайсың?» деген көркем очеркін былай бастапты:

«Біз қандай шал болар екенбіз?

— Мүмкін, қартаймайтын шығармыз, иә, біз қартаймаймыз».

Оралханның өзі де, шығармалары да қартаймайды. Өйткені жүректің жібі — берік жіп. Үндістанда жүрек жібі үзілсе де, Оралхан Бөкейдің туындыларындағы жан жылуы, жүрек алауы қай дәуірде болса да қалың қазаққа қуат береді.

Алтынның КӨЗДЕГЕН мергендер



Көктем ҚАРҚЫН

Стенд атудың скит бағдарламасы бойынша мергендігін сынаған еліміздің әйелдер құрамасы финалда қарсыластарынан басымдық танытты. Әсем Орынбай, Зоя Кравченко, Ольга Панарина жазғы Азия ойындарында рекорд жаңартып, Қазақстанға Ханчжоудағы додадан алғашқы алтын медальды алып берді. Мерген қыздар Қытай мен Таиланд командасынан оқ бойы озды.

— Қыздарды осы тарихи жеңіспен құттықтаймын! Алтын медальдан басқа, біздің спортшылар да жаңадан жарыс рекордын орнатты, бұл жеңісті одан да әсерлі етеді. Естеріңізге сала кетейін, Алматы облысында стенд атудан Әлем кубогында біздің құрама бірінші жалпыкомандалық орынға ие болған. Бүгін бүкіл Азия құрлығы бұл жеңісті кездейсоқ жетістік емес екеніне көз жеткізді, — деп мәлімдеді Туризм және спорт министрі Ермек Маржыпбаев.

Көп ұзамай Стенд атудың скит бағдарламасында Әсем Орынбай 45 рет нысананы дәл көздеп, қола жүлде еншіледі. Осылайша, мергендеріміз жарыс күнінде жанкүйерлеріне қос қуанышты қатар сыйлады.

ДЗЮДОШЫЛАР МЕН МЕРГЕНДЕР ЖАРАДЫ

Жарыстың алғашқы күні дзюдошыларымыз бір күміс, төрт қола еншілеген еді. Жалпы, биыл дзюдодан ұлттық құрама шашасына шаң жұқтырмай келеді. Азия ойындарының төртінші күнінде де дзюдошы Нұрлыхан Шархан 100 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сынға түсіп, қола медаль жеңіп алды. Нұрлыхан ақтық белдесуде Оңтүстік Кореядан келген Джонхун Вонмен кездесті. Нәтижесінде, казак спортшысы иппон әдісімен жеңіске жетті. Көп ұзамай біз жеңіс күтпеген спорт түрлерінен де қанжығамызға медаль келіп түсті. Атап айтсақ, Эльмир Әлімжанов семсерлесуден Азия ойындарының қола медалін иеленді. Отандасымыз жартылай финалда Жапония өкілі Коки Канодан жеңіліп қалды.

Ал жарыстың үшінші күні 10 метрден пневматикалық винтовкадан оқ атудан аралас командалық сайыста Ислам Сатпаев пен Александра Ле қола жүлдеге ие



болды. Медаль үшін күресте Қазақстан құрамасының спортшылары Иран командасын 17:11 есебімен жеңді. Естеріңізге сала кетейік, Никита Чирюкин жылдам атылатын тапаншадан Азиаданың қола медалін жеңіп алған болатын.

Қоржынымызға екінші күмісті нысана көздеуден ерлер құрамасы салды. Құрамында Бактияр Ибраев, Андрей Худяков және Асалбек Назиркулиев бар қазақстандықтар 10 метрден жылжымалы нысанға оқ атудан екінші орынға көтерілді. Қазақстан құрамасы индонезиялықтардың алдын орап кеткенімен, соңғы сында оңтүстіккореялықтарға есе жіберді. Осылайша, соңғы дерек бойынша қоржынымызда 1 алтын, 2 күміс, 7 қола медаль бар.

КҮН ӨТКЕН САЙЫН АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ТАРТЫСТЫ БӘСЕКЕСІ ҚЫЗА ТҮСУДЕ. КЕШЕ СТЕНДТІК АТУДАН ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕР ҚҰРАМАСЫ АЛТЫН МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ. КОМАНДА ҚҰРАМЫНДА ЗОЯ КРАВЧЕНКО, ӘСЕМ ОРЫНБАЙ ЖӘНЕ ОЛЬГА ПАНАРИНА БАР. ОСЫЛАЙША, МЕДАЛЬДАР КЕСТЕСІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ 16-ОРЫННАН 11-ОРЫНҒА КӨТЕРІЛДІ. ЕНШІМІЗДЕ 1 АЛТЫН, 2 КҮМІС, 7 ҚОЛА МЕДАЛЬ БАР. МЕДАЛЬДАР КЕСТЕСІНДЕ ҚЫТАЙ, ОҢТҮСТІК КОРЕЯ ЖӘНЕ ЖАПОНИЯ ҚҰРАМАЛАРЫ АЛҒАШҚЫ ҮШТІКТЕ КЕЛЕДІ.

ДИМАШТЫҢ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІ ҚОЛДАДЫ

Азия ойындарында Қазақстан спортшылары жергілікті жанкүйерлердің ыстық ықыласына бөленіп жатыр. Туризм және спорт министрлігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, біздің құрамаға Қытайда оқып жатқан студенттер, қандастармен қатар жергілікті спорт жанкүйерлері де қолдау білдіріп отыр. Сондай-ақ Азиадада жүрген еріктілердің арасында Қазақстан спортшыларына қолдау білдіретіндер көп. Олардың көбі Димаш Құдайбергennн жанкүйерлері екен. Жастардан бөлек, әлемге әйгілі әншінің өнерін бағалайтын ересектер де отандас спортшыларға ыстық ықылас білдіріп жатыр.

— Мен Димаштың жанкүйерімін, концерттерін көргенмін. Қазақстанның спортшылары мен жанкүйерлеріне алыстан келіп, Азиадаға қатысқандары үшін алғыс білдіреміз. Бұл өз еліне және спортқа деген сүйіспеншіліктің дәлелі, — дейді Азия ойындарын тамашалауға Бейжіңнен келген Лю Пэнчжань.

Ал кеше Азия ойындарына қатысушылардың алғашқы легі елге оралды. Оларды спорт жанкүйерлері сән-салтанатпен қарсы алды. Спортшылардың арасында Азия ойындарында бессайыстан алғаш рет Олимпиада лицензиясын жеңіп алған Елена Потапенко мен Георгий Борода-Дудочкин бар.



БҚО-да ӘСКЕРИ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ШАРАСЫ ӨТТІ

Арнайы оқу-жаттығуды БҚО аумақтық қорғаныс бригадасы өткізді. Әскери оқу-жаттығу жұмыстарына БҚО әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов қатысты. Әскери жиынға бұдан бөлек аумақтық қорғаныс бригадасының әскерилері, Ұлттық ұлан сарбаздары, Полиция департаментінің арнайы жасағы, облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің жеке құрамы, медицина мамандары тартылған.

Әскери оқу-жаттығу облыс көлемінде өтіп жатыр. Бұл осымен екінші ауқымды жаттығу шарасы. Жоспар бойынша «Интергаз» мекемесіне сыртқы күштер шабуыл жасайды, ал әскерилер ғимаратты қорғауы тиіс. Арнайы белгіленген сценарий бойынша әрекет еткен әскерилер өздеріне берілген тапсырманы орындады. Әскерилердің жылдамдығы мен қырағылығы тексерілді. Мұндай оқу-жаттығу жұмыстарының мақсаты да сол. Әскерилер өздері білетін әскери дағдыны ұмытып қалмауы тиіс.

— Бүгін облыс аумағында әскери міндеттілермен оқу-жаттығу жұмыстары өтуде. Бүгін осымен аумақтық қорғаныс бригадасының белгіленген жоспар бойынша оқу-жаттығу жұмыстары аяқталады. Біздің аумақтық қорғаныс бригадасы өңірдегі маңызды нысандарды қорғайды. Бізде ондай 100 нысан бар. Бүгін сондай қорғаудағы аса маңызды нысанның бірі — «Интергаз» мекемесінің маңайында өтеді. Жоспар бойынша сыртқы күштер «Интергазға» шабуыл жасайды. Әскерилер нысанды қорғап қалуы керек, — дейді облыс әкімінің әскери қауіпсіздік қорғаныс мәселелері жөніндегі кеңесшісі Максат Мұқанов.

Бүгін әскери оқу-жаттығу жұмысы өз мақсатына жетті дейді мамандар. БҚО аумақтық қорғаныс бригадасы өткізген оқу-жаттығуға 100-ден аса әскери қатысты. Бірнеше әскери техника тартылды. Оқу-жат-

тығу жұмыстарын облыс әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов көрді. Оқу-жаттығу жұмысы аяқталысымен аймақ басшысының орынбасары әскерилерге алғыс білдірді.

— Мұндай әскери жиындардың негізгі мақсаты — запастағы әскерилердің жауынгерлік даярлығын шыңдау, бекітілген техника мен қару-жарақты қолдану шеберлігін арттыру. Қазіргі жаһандық жағдайдағы сын-қатерлерді ескере отырып, жоспар бойынша оқу-жаттығу жиындарын БҚО-да аумақтық қорғаныс бригадасының басқаруымен өткізіп отырмыз. Осы қыркүйек айында 180-нен астам адам осындай арнайы оқу-жаттығудан өтті. Мұндай ірі көлемдегі оқу-жаттығулар алдағы уақытта да ұйымдастырылатын болады. Күні кеше ғана облыс әкімі Нариман Төреғалиевтің қатысуымен әскери қалашықтың құрылысы басталды. Бүгін әскери оқу-жаттығу жұмыстарына қатысып, өздеріңізге берілген тапсырманы мінсіз орындағандарыңыз үшін алғыс айтамын, — делі БҚО әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов.

Оқу-жаттығу жұмыстарына белсенді қатысқан әскерилерді аймақ басшысының орынбасары Бақытжан Хабәрұлы облыс әкімінің алғыс-хатымен марапаттады.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

БАЛАБАҚША КЕЗЕГІ ҚЫСҚАРЫП КЕЛЕДІ



Елордадағы балабақша мәселесі оң шешімін тауып, кезекте тұрғандардың саны қысқарып келеді. Мәселен, бүгінгі өзінде 10 мыңнан астам орынға мемлекеттік тапсырыс орналастырылды.

Елорда әкімдігінің берген мәліметіне сүйенсек, биыл балабақшаларда 10 317 орынға қосымша мемлекеттік тапсырыс орналастырылып отыр. Оның ішінде 9 157-і қантарсәуір айларында, қалған 1 360 орын осы жылдың қыркүйегінде орналас-тырылған.

Жалпы алғанда, бүгінде бас қалада 505 балабақша жұмыс істейді. Бұл мекемелерде 67,5 мыңнан астам бала тәлім-тәрбие алып отыр. Сонымен қатар биыл мектепке дейінгі

ұйымдар жанынан 500 орындық тұрғын үй кешендерінің бірінші қабатынан қосымша ғимараттар ашу жоспарланған.

Мектепке дейінгі мекемелердегі орындар INDIGO сайты арқылы бөлінсе, бүкіл процесс ашық және ашық түрде жүзеге асырылады. Қазір электронды порталда мектеп жасына дейінгі 60 971 бала тіркеліпті. Соның ішінде 2 жастан 6 жасқа дейін — 41 818 бала бар. Жыл бойы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен камту бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ мектепке дейінгі мекемелердің педагогтері үшін де барлық жағдай жасалуда. Мәселен, былтырғы жылдың 1 қыркүйегінен бастап балабақша тәрбиешілерінің жалақысы 30 пайызға өсті.



AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВБас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасарыБотагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редакторАсқар БЕК —
Сайттың бас редакторыЕлдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫАҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Роза ШӨКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баия ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 45102
Жеке жазылушылар үшін — 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4356
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114